
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«15» қыркүйек 2016 жыл

2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ ағымдағы көрсеткіштері

Алматы, Қазақстан – 2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 6,41 трлн. теңгені құрады. Шарттардың барлық түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны шамамен 10,10 млн. бірлікті құрады, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен жасалғаны шамамен 9,65 млн. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны – 408 100 бірлік, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 38 949 бірлік.

Ағымдағы жылдың 1 тамыздағы жағдайы бойынша шарттардың барлық түрі бойынша ЖЗШ саны 10,15 млн. бірліктен асқанын естеріңізге салайық. Техникалық шоттарды өңдеу бойынша бағдарламаның орындалу есебінен бір айда шарттар саны 50 мың бірлікке азайды. Басқаша айтқанда, 1998 жылдан 2003 жылға дейін жинақтаушы зейнетақы жүйесі іске қосылғанда автоматты түрде ашылған шарттарсыз шоттар саны қысқарды. БЖЗҚ құрылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін техникалық шоттар санын қысқарту – Қор алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі. Қазір мұндай шоттар шамамен 498,6 мың бірлік, барлық активтерді БЖЗҚ-ға біріктірген уақытта олардың саны 700 мыңнан көп болды. Салымшылардың техникалық шоттары болса, Қор тұрақты түрде олардың дұрыс деректемелері көрсетілген шоттарындағы зейнетақы жинақтарын біріктіру бойынша іс-шараларды өткізеді.

2016 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша таза инвестициялық табыс сомасы 393,26 млрд. теңгені құрады. БЖЗҚ салымшыларының жыл басынан бергі зейнетақы активтері бойынша табыстылығы 6,6%-ды құрады, бұл ұқсас кезеңдегі құнсыздану деңгейінен (5,4%) 1,2%-ға жоғары.

Жыл басынан бері БЖЗҚ жасаған зейнетақы төлемдері мен аударымдары 118,54 млрд. теңге мөлшеріндегі соманы құрады, бұған 12,51 млрд. теңге мөлшеріндегі сақтандыру ұйымдарына аударымдар кірді.

Әрбір салымшы (алушы) кез келген күнге өз ЖЗШ-ындағы жинақтары туралы БЖЗҚ-ның 233 дербес қызмет көрсету орталықтарының бірінен, пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, www.enpf.kz сайтындағы «Интернет-үзінді көшірме» бөлімінен немесе ұялы қосымша арқылы біле алады. Шамамен 2,4 миллионға жуық адам хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған, оның 2,2 миллионы зейнетақы шотын Қордың корпоративтік сайты немесе әр түрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы бақылай алады. 2016 жылғы 1 қыркүйекте ұялы қосымшаларды жүктеу саны 311,8 мыңға жетті.

2015 жылдың ақпан айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат (инвестициялық табыс ескерілген) беру» қызметін іске қосқан сәттен бастап 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 323 мыңнан астам үзінді көшірме берілген.

Салымшылар (алушылар) барлық қызықтыратын мәселелер бойынша БЖЗҚ-ның дербес қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ, қашықтан: телефон, әлеуметтік желілер, «кері байланыс» нысаны және Қордың корпоративтік сайтындағы онлайн чат арқылы кеңес ала алады. Осы арналар

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«15» қыркүйек 2016 жыл

бойынша Қорға жыл басынан бері барлығы 90 037 өтініш келіп түсті, байланыс орталығына қоңырау шалу 86,5% болды. БЖЗК қызмет көрсету сапасын жақсарту аясында салымшылар (алушылар) үшін байланыс орталығына 1418 қысқа нөмірі арқылы қоңырау шалу қызметін қолданысқа енгізгенін естеріңізге сала кетейік. Осы нөмірге ҚР кез келген ұялы байланыс операторының телефон нөмірінен және стационарлық (қалалық) телефоннан қоңырау шалу тегін әрі қолжетімді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекеменделендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz